

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік
Университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Қола дәуірі

Орындаған:

Тобы:

Тексерген:

Жоспар:

Кіріспе

Негізгі бөлім

- Қола дәуірі
- Андронов мәдениеті
- Орталық Қазақстанның тайпалары
- Андроновшылар шаруашылығы
- Беғазы-Дәндібай мәдениеті

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


Кіріспе:

Қола дәуірі - адамзат дамуында еңбек құралдарын және қару-жарақ жасауда қола іргелі материалға айналған тарихи-мәдени кезең. Бұл дәуір біздің заманымызға дейінгі 4-1 мыңжылдықтарды қамтиды. Археологияда бұл кезеңді "Андронов мәдениетінің" өркендеу дәуірі дейді. "Андронов мәдениеті" біздің заманымыздан бұрынғы 2-ші мыңжылдықтың соңғы жартысы мен 1-ші мыңжылдықтың басында **Батыс Сібір**, **Орал** маңы және **Қазақстан** мен **Орта Азия**ның кең алқабын мекендеген тайпалардың тұрмысың бейнелейтін кезең.



Бұл аймақты тарихи тағдыры ортақ, тегі тамырлас, мәдениеті туыстас тайпалар мекендеген "Андронов мәдениеті" деп аталуының сыры 1914 жылы археологиялық зерттеулер кезінде бұл кезеңнің көптеген жөдігерлері Сібірдің Ачинск қаласының маңындағы Андроново деревнясынан табылуында.

Біздің дәуірімізге дейінгі 2-ші мыңжылдықта Солтүстік Қазақстан аумағын мекендеген тұрғындардың тұрмыс бейімі осы мәдениеттің сипатына сай болған. Андроновтықтардың негізгі тіршілік бейімі мал шаруашылығымен, балық аулаумен және терімшілікпен сипатталған. Мал шаруашылығы тіршіліктің негізгі көзі болғандықтан адамдардың тұрмысында жүн бұйымдар көптеп пайдаланылған.



Осыған орай Есіл өңірінде мал түліктерінің барлық негізгі түрлері кездескен Мал терілерінен тоқылған тігілген киімдер қола дәуірі адамдарының тұрмысында жақсы қолданысқа ие болған Сондай-ақ, өзінің атауына сай, бұл дәуірде біздің өңірдің ертедегі адамдары қоланы негізгі тіршілік көзі ретінде қолданған. Еңбек құралдары, қару-жарақтар және әшекей бұйымдар осы материалдан жасалған. Қола дәуірінің айшықты үлгілері біздің облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы. Ғалымдардың кейбір пікірінше сол дәуір-де адамдар қола кенін қорытуды да білген.

Бір қызығы, осы қола дәуірінде адамдардың отырықшылық тұрмысқа бейімделгені айқын айғақталады. Олардың қоныстары жер үйінділерімен қоршалып, ортасында тастан, ағаштан, шымнаң саз балшықтан соғылған жаппалар, жеркепелер, тамдар орналастырылған Мұндай қоныстар көп ретте өзен-сулардың маңына жақын болған.

Қола дәуірінің соңы әлі де көшпелі тұрмыс салтының белең алуымен айғақталады. Өйткені, бұл кезеңдегі адамдардың негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болған. Кең даланың өне бойында мал түліктері жайылымнан жайылымға ауы-сып, адамдар соған орай көшіп-қонуға бейімделген. Бұл уақытта егіншілікке аса маңыз берілмеген.

Бұдан кейінгі кезеңдерде Қазақстанның аумағында темірді пайдалануға бейімдік байқалған. Археологтардың көптеген дәйектері осыны айғақтайды. Бұл кезеңді сондықтан ерте темір дәуірі деп атайды.

Андронов мәдениеті шартты түрде үш кезеңге бөлінеді. Ерте қола — б.з.д. 18-16 ғғ., орта қола б.з.д. 15-12 ғғ., кейінгі қола б.з.д. 12-8 ғ.б. Андронов мәдениеті 8-9 ғасырға созылады (б.э.д. 17-9 ғасырлар).

Орталық Қазақстан

Бұл өңірден көптеген мекендер, қорымдар, көне рудниктер, құрбандық орындары, петроглифтер. Орталық Қазақстанның андронов мәдениетіне тән сипаты-оның мазарларының күрделілігі, тас өңдеумен байланысты құрылыс техникасының жетіле түскендігі.

Ертедегі Нұра кезеңі — жерлеу салтында кремация (мәйітті өртеу) басым болған. Мәйітті табытқа салып қою рәсімімен де жерлеу кездеседі. Керамика ыдыстар жоғары жағы ғана әсемделеді. Қабір ішінде мәйітпен қатар үй жануарларының сүйектері де табылған.

Келесі — Атасу кезеңінде жерді игеру, оның ішінде шөлейт аудандарды да игеру кеңінен жүргізіледі. Тау-кен жұмыстарының көлемі күрт өседі. Мәйіттерді бір жамбасына бүк түсіріп жатқызып жерлеу жиірек ұшырасады.

Кейінгі кезеңі — Бегазы-Дәндібай мәдениеті. Оның ерекшелігі — мәйіттерді шалқасынан жатқызып қою. Мысалы: Ақсу-Аюлы –2 қабыры. Жер бетіне тастан қалап қабырғалы тұрғын үйлер салу рәсімі кең жайылады. Сондай-ақ ағаш та қолданылған.

Солтүстік және Батыс Қазақстан

Солтүстік Қазақстан жеріндегі қола ғасырын, соның ішінде Андронов мәдениетінің ескерткіштерін зерттеген ғалымдар - К. А. Ақышев, Ә. М. Оразбаев, Г. Б. Зданович, С. Я. Зданович және т. б. Солтүстік Қазақстанның қола ғасырының кезеңдерге бөлуді, Андронов мәдениетінің сатыларын, олардың хронологиялық мерзімдерін Геннадий Борисович Зданович көпжылдарға созылған Жабай-Покровка, Боголюбово, Куропаткино және тағы да басқа ескерткіштерде жүргізілген қазба жұмыстарының негізінде анықтады. Алексеев қонысы мен Тасты-бұтақ қорымы кеңінен мәлім болды. Топырағы төбешік болып үйілген, дөңгелек және тікбұрышты қоршаулары бар қорымдар көп кездеседі. Челябинск және Қостанай облыстарының шекарасынан Арқайым қонысы ежелгі қалалардың мысалы болады. Қазіргі Қостанай облысында Садчиков қонысы, Ақмола облысындағы, Зеренді ауданындағы Павловка (Шағалалы) қоныстары - Андронов тарихи-мәдени қауымдастығының айшықты ескерткіштері.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу

Ескерткіштері — Таңбалы, Каратау сияқты тастағы суреттер, Таутары қорымы. Сырдарияның төменгі жағынан Арал алқабынан - Тегіскен кесенесі ашылды.

Шаруашылығы

Андроновшылар қоныстары дала өзендері мен оның жағаларына егін, бау-бақша салып қоныстанған. Тары ботқасы күйген құмыралар табылды. Қоныстардың бәрінен табылған ортақ олжалар: дәнүккіштер, келсаптар, орақтар мен тас кетпендер.

Мал өсіру маңызды роль атқарды. Негізгі тамағы сүт болды, сүзбе, ірімшік жасаған. Ет өте аз болған, оны мейрамдарда ғана, құдай жолына құрбандық жасағанда ғана пайдаланған. Негізгі мал қой, сиыр, жылқы. Жылқының үш тұқымы болды: биіктігі 128-136 см., басы үлкен, қалың жалды жатаған жылқы. Қазіргі монғол жылқысына ұқсас. 2). Шоқтығы орташа не биік 136-152 см-ге дейін салмағы 350 килоға дейін жететін жылқылар. 3). Асыл тұқымды биіктігі 152-160 см., аяқтары жіңішке, сымбатты, қой мойынды жылқылар. Олар соғыс арбасына жегілетін болған. Андроновшылар мал бағудың қыр-сырын жетік меңгергендер болды. Олар дүние жүзінде алғаш рет малды қолда ұстауды енгізді. Қыста төлді жылы жерде ұстаған, ол үшін үйдің бір жағын қоршап бөліп тастаған. Тұрғын үйлерге жалғаса мал қора салды. Андроновшылар қос өркешті бактриан түйелерін өсірді.

Ерте және орта қола кезеңдерінде, яғни б.з.д. 1 мыңжылдық басында андроновшылар отырықшы болды. Аралас шаруашылықпен айналысқан. Малды үй іргесіне бағу нәтижесінде жайылым тез тозған. Сондықтан жайлаулық тәсілді ойлап табады. Бұл көктем, жаз айларында жастар мен ер адамдар алыс жайылымға малды айдап әкетсе, отбасылары егін өсірумен айналысты.

Ежелгі кеншілер

Кен өндіру б.з.-дан үш мың жыл бұрын пайда болды. Мысалы, Жезқазған осы кезде-ақ кен өндіріле бастады. Олар кенді тотықтандыру, қайлалау, отпен өндіру әдістерін меңгерді. Сондай-ақ әрбір отбасы өз ыдыс-аяқтарын өздері жасады. Әйелдер саз балшықты әзірлеп, одан ыдыс-аяқ істеп, оларды ошақтағы отқа, кейде таспен қоршалған шұңқырға алаулатып күйдірген. Ыдыстар әртүрлі сызықтармен, геометриялық ою-өрнектермен әсемделген. Үй кәсіптері Андроновшылар үй тіршілігіне қажетті нәрсені өздері жасады. Жіп иіру, тоқу, теріні өңдеу, киімді түрлі-түсті жіппен әдіптеп бәрін игерген. Матаға қажетті жіпті мал жүнінен игерген. Тоқыма станогы, ұршық болды. Олар өкшесіз аяқкиім киген, жүннен тоқыған, теріден тіккен құлақшын киген. Әйелдер көбіне ұзын жеңді етегі жер сызған жүн көйлек киіп жүрді. Әшкейлік бұйымдар сырға, салпыншақтар, моншақтар таққан. Ерлері қоладан үшкірлеп жасалған садақтармен қаруланды.

Халық, қоғам, әдет-ғұрып

Олар үлкен үйде отбасылық қауым болып өмір сүрді. Ағайын-туыстар шаруаны бірге атқарды. Обалар, қабырлар қазу ісінде өзгешеліктер болған. Бұл андронов қоғамының біртекті болмағандығын көрсетеді. Байлар, текті адамдар өлгенде олар ерекше құлпытас орнатылған мазарларға жерленді. Жауынгерлер, патшалар абыздар тәрізді әлеуметтік жік болған.

Діні мен өнері

Өліктер қабырда бастары батысқа немесе оңтүстік-батысқа қаратылып қойылды. Бұл о дүниемен байланыс жасайтын құдайға қарату деген мағынаны білдірді. Мәйіт бүктей жатқызылды. Сондай-ақ мәйітті өртеп жіберу де болды. Ол отқа табынудан шықса керек. Үй құрылысы да құрбандық шалудан басталған. Оған сүт толы ыдыстар, бұқа не бағлан шалынған. Тіпті балаларды да құрбандыққа шалған, оны үй едені астына көмген. Үйдің ошағы отбасының ең қасиетті жері болды.

Тастағы суреттер

Қола дәуірінің жартастар бетіне салынып, кілегей қоңыр қабыршақпен жабылып қалған суреттерінің өзіндік ерекшелгі бар. Бұл суреттер — жануарлар, күн бейнелі адамдар, соғыс арбалары, шайқас көріністері туралы тасқа салынған суреттер олардың дүние-танымын көрсетеді.


Жартастағы суреттер-петроглифтер Қазақстанда [Таңбалы](#), [Ешкіөлмес](#), [Қарату](#) мен [Маймақ](#), [Тарбағатай](#) мен [Бөкентауда](#) табылды.

Адронов мәдениетін зерттеудегі ең күрделі мәселелердің бірі хронологиямен, уақыт межесін анықтау ісімен байланысты, зерттеушілердің көпшілігі андронов мәдениетінің өмір сүрген уақытын үш кезеңге бөледі: ерте қола-б.з. дейнгі XVIII-XVI ғ.ғ. орта қола -б.з. дейнгі XVI-XII ғғ; кейнгі қола -б.з. дейнгі XII-VII ғ.ғ. басы. Бұл кезендер алғашқы зерттелген ескерткіштер атына сәйкес, федоров, алакөл, замараев кезендерін көрсетеді деп есептетіледі.

Тастағы суреттер



Бірақ кейін Федоров ескерткіштері ерте қола уақытына жататына даталанды. Сөйтіп андронов мәдениетінің дамуының сындарлы суреті бұзылды. Мұның үстіне Федоров ескерткітерінің ерте және кейінгі кезеңдерге бөлініп ыдырап кететіні анықталды. Егер бұрын ескерткіштер Орталық Қазақстанмен Оралдан табылса; енді кейінгілері Батыс Сібірден; Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысынан табылды. Орта-Азиядан табылды. Әсілі. Федоров тайпаларының жан-жақты таған кіндігі Қазақстан болса керек; оларды бұл ардан тайдырып жібергендер алакөл тайпалары, Орталық Қазақстанға олар бір белгісіз бір батыс орталықтан келеді. Қоланың кейінгі кезеңі Орталық Қазақстанда жаңа мәдениет-Беғазы-Дәндібай құрылуымен белгілі. Бұл мәдениетке Тән-бір қасиет ол бірінші жағынан, онда жаңа элементтер: мазарлардан айрықша типі өзінділік ерекшелігі бар жерлеу дәстүрі, қыш ыдыс-аяқтардың жаңа түрлері пайда болды. Мәйттерді бүктеліп жатқызып қоюмен бірге, оларды шалқасынан жатқызып қою да кездеседі. Бұл мәдениетке Ақсу-Аюлы қабыры жатады. Мұндағы ең үлкен обаның биіктігі 2м., Төбешік астында дөңгелектеніп орналасқан үш қатар радиальды тас қоршау бар екен.



Бұл дәуірде жер бетіне жер бетіне тастан қалап қабырғалы тұрғын үйлер салу рәсімі кең жайылды. Тағыбай-бұлақ қонысында алты тікбұрышты жер бетіндегі тұрғын үй бар екен. Үй қабырғалары жерге паралельді түрде көмілген тақта тастар қатарынан тұрғызылған, тақта тастар арасындағы қуыс ұсақ тастар топырақпен қабат-қабат етіліп бітеліп тасталған. Орталық Қазақстанның таулы аймақтарында тұрғын үйлерді салуға ағаш кеңнен пайдаланылған. Жертөлелер қабырғалары ағаш тақталармен көмкеріліп, оның төбесін ағаш бағандардың тұтас бір жүйесі тіреп тұрған.

Мәдениетті дамытуда металл өндіріп балқыту орасан зор рөл атқарған. Орталық Қазақстанның поле металдық ошағы көрші жатқан Алтай, Сібір, Орал өңірі сияқты аймақтар мәдениетін дамытуға да ықпалын тигізген.

Солтүстік және Батыс Қазастанда көптеген андроновтық мәдениет ескерткіштері ашылып, зерттелген, олардың ішінен Алексеев қонысы мен Тасты-бұлақ қорымы кеңінен мәлім болды. Орманды дала зонасындағы топырағы төбешік болып үйілген Дөңгелек және тікбұрышты қоршаулары бар қорымдарды бірден тануға болады. Батыс аудандарда сақина секілді дөңгеленте салынған қоршаулар етек алған. Бұл аудандарда небәрі 80-нен аса қоныс пен 90-ға тарта қорым бар. Ертедегі қола кезеңіне мәйітті өртеп көму рәсімі жатады. Петропаловск қаласының маңындағы Вишневск қонысында қазба жұмыстарын жүргізген кезде көлемі 126 шаршы метр жер беті тұрғын үй табылды, оның ағаш шатырын ағаш бағандар тіреп тұрған. Сол кездегі алғаш қалалардың алдың алушылар деп атауға келетін қоныстар пайда болады. Солардың бірі Арқайым Челябинск және Қостанай облыстарының шекарасынан орын тепкен.

Орта қола кезінде үй салу, қоныстандыру ісі өлікті жерлеуді ұйымдастыру жерлеу ғұрпы біраз өзгергенеді. Қоныстарға бұрынғыша бекіністер салынбайды. Тұрғын жайлар-жартылай жертөлелілер тікбұрышты ұзынырақ болып келеді. Оның 140-тан 200шар.м. дейінгі көлемі қоржын сиқтанып екіге бөлінеді, еденінді біреуден сегізге дейін ошағы болады. Мұндай тұрғын жайлар Явленка Тасты-бұлақ қоныстарында болған.

Кейінгі Қола дәуірінде оның бірінші кезеңінде Солтүстік Қазақстанның тайпалары Арал өңірінің Қима мәдениетінің ал Батыс Қазақстан - Еділ бойының Қима мәдениетінің қатты ықпалына түседі. Кейінгі қола дәуірі қоныстарында түрі жағынан тікбұрышты, сопақ, сегіз тәрізді жартылай жертөлелер көбірек кездеседі. Көлемі 300-400шар м., дейін баратын орасан зор жертөлелер салу етек ала бастайды, Олар қысты күні мал ұстайтын болған. Шаруашылықта мал өсірудің, әсіресе жылқы өсірудің рөлі арта түседі.

Шығыс Қазақстанда Андронов мәдениетінің дамуы да осы тектес жолмен жүреді. Ертіс пен Бұқтырманың Күршімнің көкорай шалғынды алқаптарынан , Алтайдың таулы аудандарынан Тарбағатай мен Сауыр далаларынан қола дәуірінің оңдаған қоныстары мен қорымдары табылды., олардың дамуы мен қалыптасуына жез бен қалайының алтынның аса бай көздері әсер етеді.

Қанай қорымы қорымы және онымен жарыса қатар орналасқан қоныс қабырғаларының дені кейінгі қола кезңіне жатады. Ертістің оң жағалауындағы қонытан көлемі 50шар.м. тікбұрышты жартылай жертөле және омен жалғас қоражайлар қазылып аршылып алынды. Үй қабырғалары қамыспен бастырылып сылақталған.

Оңтүстік Қазақстан және Жетісу Қола дәуірінің кезінде-ақ игеріліп ел-жұрт тығыз қоныстанған аймақ болатын.

Жетісуда Андронов мәдениетінің өзіндік варианты бартұғын.

Таңбалы мен Қаратаусияқты тастағы аса үлкен шоғыры тек

Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінен ғана табылды.

Жетісуға Федоров пен Алакөл тайпаларының мәдениеттері

элементтерінің араласып-құраласып жататыны тән болып

келеді. Федоров дәстүрінде қоршаулар тікбұрышты және

дөңгелек болып келетін қабырғалар көбірек кездеседі. Жер

моллалар мен жәшіктерге таулы аудандарда қима

қабырғаларға өліктерді табытқа салып қою, өртеп күлін

көмумен ұштасып жатады.

Жетісудың орта қола дәуірін Таңбалы, Қарқұдық қорымдары арқылы көзге елестетуге болады. Қазақстанның оңтүстігінен, Қаратаудан Таутары қорымы қазылып ашылды.

Сырдарияның төменгі жағынан Арал алқабынан қола дәуірінің бірегей ескерткіші Тегіскен кесенесі ашылды. Тегіскеннің тым ертеректегі мазарлары қамкірпіштен салынған оны жоспарлауға негіз болған нәрсе сыртқы қабырғалар. Қыш ұстындарға қоса оларды қайталанғандай ағаш бағандар тұр. Орталық бөлмеге қойылатын өлікті мазармен бірге өртеп жүретін болған. Тегіскен қорымдарының мәдени тегін анықтау өте қиын. Бірінші жағынан алсақ Бұдан Андронов мәдениетінің дәстүрін көруге болады. Тегіскен мазарлары Дала мен отырықшылар мәдениеттерінің өзара жақындасып, ықпалдасып жатқан бастапқы кезеңдерінен хабар береді.

Тастағы суреттер Дін көп жағдайда көкем өнердің да даму жолын анықтап отырған. Мәселен құдайлардың тас бейнелері үлкен көркемдік талғаммен мейлінше шынайы жасалып отырған.

Қола дәуірінің жартастар бетіне салынып кілегей қоңыр қабыршақпен жағылып қалған суреттерінің өзіндік ерекшеліктері бар, ертедегі адамдар жартастардың тегіс бетіне қатты да үшкір тас сынықтарымен жануарлар, Күн бейнелі адамдар суретін соғыс арбаларымен соғыс көріністерін салған. Бұл адамның рухани мәдениеті және оның дүние танымы жөніндегі аса бағалы хабарлар бастауы болып табылады. Қазақстан жартастағы суреттер петроглифтердің саны және алуандылығы жөнінен әлемдегі ең бай жерлердің бірі.

Таңбалы мен Ешкі өлместен Қаратау мен Маймақтың Тарбағатай мен Бөгентаудың байлығы жағынан таңғажайып тамаша суреттерін археологтарымыз әбден байыптай зерттеп, олар дүниежүзі мәдениетінің қазыналы қорына қосылды. Қола дәуірінің адамдары ойлаудың мифологиялық сатысында болған. Ежелгі кісілер үшін өмір-тіршілік табиғаттың қайталанып отыратын мезгілдері-көктемдегі күнмен түннің теңелуі, әрқайсына құдай жолы деп құрбандық атап жасап отырған. Қола дәуірінде және кейініректегі кездері мұндай қасиетті орындар жартастар жанында болған. Сол себептіде оқымыстылар белгілі бір әдісті қолдана отырып осынау суреттер шоғырын уқыт жағынан қарастырып алып олардың әртүрлі топтарымен қатпарларын айырып талдайды. Ғалымдар қола кезеңіне бірқатар суреттерді сюжеттермен композицияларды жатқызады. Андроновшылардың Жартастағы суреттерінде жиі кездесетін бейне образдың бірі –ор мүйізін алға кезіп жабайы бұқаның суреті. Олардың әуелгі бейнесі неолит дәуірінде пайда болған.

Турдан басқа қолға үйренген үй бұқасыныңда суреті кездеседі. Ол жер жыртқан кезде соқаға немесе арбаға жегулі күйде бейнеленген. Әлемді жарату жөніндегі мифтерде дүние- Күн құдайы Митра құрбандыққа шалған. Тумысынан әуелгі бұқаның мүшелерінен жасалған делінеді.

Айтпақшы сол Айгөлектің өзі күннің бейнесі, ал қатысушылар қимылы - жарық күннің көктегі жайлы жолын көрсету. Бұқа бейнесі - құнарлық пенқүдірет, қуат идеясына байланысты.

Жартас көркем өнеріндегі сүйкімді сюжет-қос өркешті бактриян түйе. Қола дәуірінде олжай тұрған күйінде бейнеленген.

Қола дәуірі петроглифтерінің арасында соғыс арбасын бейнелеу де кеңінен таралған. Қаратау тастарындағы суреттерде соғыс арбасы 49 жерде кездеседі. Олар Таңбалыда да, Ешкі өлместе де кездеседі. Олардың көпшілігінде екі доңғалақты аңшы және соғыс арбалары көрсетілген. Олардың бәрі бір мәнерде арба бөлшектері, доңғалақтары алынып оның екі жағына қойылатын тәрізді етіп салынған.

Тастағы суреттер ішінде жер жырту көріністері де кездесіп қалады, оларда соқаға жегілген бұқалар, аттар мен ешкілер бейнеленді. Соқа басында адам болады. Алтын соқа жайлы және бірінші түрен тарту түсініктері, аңыз-эпсаналар көптеген халықтарда бар. Ежелгі түсініктердің жұрнағы, көбіне көп өзгертілген күйде қазақтармен Қазақстанды мекендейтін басқада халықтар арасында сақталып қалғаның айрықша атап өту керек.

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы. Очерк. 149-174-бб.
2. Қазақстан тарихы. 5-томдық 2-том., 2-бөлім, 1-2 тараулар.
3. Рысбайұлы К. қазақстан Республикасының тарихы, 4-бөлім
4. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан, 119-146-беттер.
5. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI-века. А., 1985.
6. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. А., 1996.